



## САЯСИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Иордания астанасы Амман қаласына барды. Онда Мемлекет басшысы Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейнмен келіссөз жүргізді.



Әл-Хусейния сарайында Иордан Хашимит Корольдігіне ресми сапармен келген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекет басшысын Король II Абдалла бен әл-Хусейн мен Так мұрагері Әл-Хусейн күтіп алды. Мәртебелі мейманның құрметіне сарай алдындағы алаңда Құрмет карауылы сап түзеп тұрды. Әскери оркестр Қазақстан мен Иорданияның мемлекеттік әнұрандарын орындады. Құрмет карауылы ротасы бастығының рапортынан кейін мем-

лекеттер басшылары келіссөз залына барды.

Президент, ең алдымен, Король II Абдалланың билік басына келгеніне ширек ғасыр толуымен құттықтап, оның Иордания халқының өсіп-өркендеуіне және елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету мен халықаралық аренадағы абырой-беделін арттыруға бағытталған жасампаз бастамаларының сәтті жүзеге асырылуына тілектестік білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосып

келе жатқаны үшін Иордания көшбасшысына алғыс айтты. Президенттің пікірінше, Иордания — бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға бейіл ел ретінде халықаралық қоғамдастық тарапынан мойындалған мемлекет.

— Бұл сапарымның мақсаты — біздің қарым-қатынастарымызға, достығымыз бен сауда-экономикалық байланыстарымызға тың серпін беру. Әлемде болып жатқан үдерістерге қатысты көзқарасымыз бен оған беретін бағамыз ортақ деп санаймын. Сонымен қатар біз саяси деңгейдегі

ынтымақтастығымызды тереңдете түсуге ниеттіміз. Біздің айқын жоспарымыз бар. Таяу болашақта нақты уағдаластықтарға кол жеткізіп, оның нәтижелерін көретінімізге сенімдімін. Біз өзара ықпалдастығымыздың аясында аянбай жұмыс істеуге дайынбыз. Иорданияны достас мемлекет деп санаймыз. Екі елді байланыстыратын дүние көп, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, осы сапар аясында қабылданатын Бірлескен мәлімдеме мен келісімдер

Қазақстан-Иордания ынтымақтастығын екіжақты және көпжақты күн тәртібінің барлық бағыты бойынша арттыруға қос тарап та мүдделі екенін білдіреді.

Өз кезегінде Иордания Королі II Абдалла Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары екі ел арасындағы саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық байланыстарды одан әрі кеңейтуге мол мүмкіндік беретінін атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

### ӨЗЕКТІ



## ШАХТАДА ҮЗІЛГЕН ҮМІТ

Жалпы, республика тәуелсіздік алғалы отандық шахталардағы 13 ірі апат елге жария болды. Төтенше оқиғалар салдарынан 183 кенші ажал құшты. Қазақстанда екі рет Аза тұту жарияланды. Содан бері бұл кәсіп иелері тау массасының құлауы, шахталар төбесінің опырылып түсуі, метан жарылысы, өрттер, жазатайым оқиғалар және басқасы кесірінен әрі қарай қаза тауып жатыр. Арнайы құрылған комиссиялар трагедия себептерін анықтайды, қаншама бұзушылықтың беті ашылады. Алайда апаттар саны бәрібір азаятын емес.

→ 4

## ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕГІ ҚАМҚОРЛЫҚ

Ерекше адамдардың проблемасы сөз бола қалса, алдымен пандустың жайы айтылады. Инфрақұрылымның жайлы болғаны қажет, әрине. Алайда басты проблема пандуста емес. Ерекше адамдарды алдымен оқытуға, сапалы білім беруге жағдай жасалуы тиіс. Өйткені оқыған адам — ол кадр, ал сауатты кадр қашанда бағалы, сұраныста. Әрі білімі мен тәжірибесі артқан сайын ерекше адамның кәсіби қызметте сатылай көтерілуіне де мүмкіндік туады. Мүгедектігі бар адамға аяушылықпен қарау, арнайы жағдай істеу керек деу дені сау адамның әрекеті. Жүз жерден жағдай жасалып тұрса да, инклюзивті жұмыссыздық мәселесі шешілмейді. Ерекше адамдардың кәсіби маман ретінде даярлану ісі ақсап тұр.

→ 5



### КӨКШЕТАУДА ЖЫЛУ ҚЫМБАТ

Көкшетауда жылу бағасы тағы қымбаттап шыға келгені қала тұрғындарының наразылығын тудырған. Жаңадан келген түбіртектегі жылудың құнын көрген халықтың жанайқайы әлеуметтік желілерді біраз шулатты.



→ 7

### ОТАНДЫҚ АНИМАЦИЯ ОТАУЫН БӨЛЕК ТІКСЕ ИГІ

Осыдан үш жыл бұрын «Қазақфильм» ұлттық киностудиясының жанынан «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігі ашылды. Осы жылдар ішінде бірлестік басаяғы 43 қысқаметрлі анимациялық фильмді жарыққа шығарды.



→ 8













